

Jerusalem plays an important role in Judaism, Christianity, and Islam. The 2000 Statistical Yearbook of Jerusalem lists 1204 synagogues, 158 churches, and 73 mosques within the city. Despite efforts to maintain peaceful religious coexistence, some sites, such as the Temple Mount, have been a continuous source of friction and controversy.

Иерусалимнің иудаизм, христиан және ислам діндерінде алатын орны ерекше. Бұл шиеленісті шешу үшін бірқатар шаралар атқарылып жатқанына қарамастан, ондағы діни, сондай-ақ саяси қақтығыстардың саны толассыз.

Б.К. Хайдаров

ИРАНДАҒЫ ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ ЖӘНЕ ПРЕЗИДЕНТТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Таяу арада Иран Ислам Республикасында кезекті президент сайлауы өтеді. Иранның саяси жүйесі әлемнің өзге саяси жүйелерінен өзгешелікке ие болғандықтан осы орайда Ирандағы президент сайлауының ерекшеліктерін білу және Иран президентінің құқықтарымен жақыннан танысу аса маңызды.

Иран Ислам Республикасы Негізгі заңының 57-бабына сәйкес елді басқару имамның (вали-е факих) шексіз билігі бақылауымен заң шығару, атқарушы және сот билігі арқылы жүзеге асырылады әрі осы үш тармақ бір-біріне тәуелсіз болып табылады.

Атқарушы биліктің негізгі органы президент, министрлер кабинеті және әр министр. Осы орган құқықтық және саяси тұрғыдан мемлекетті басқару ісінде ерекше орынға ие.

Президент Негізгі заңға сәйкес, рухани басшыдан кейін мемлекеттің ең жоғары ресми тұлғасы болып табылады әрі Негізгі заңды орындау және рухани басшының тікелей құзыретіне кіретіннен өзге салаларда атқарушы билікті басқару жауапкершілігіне ие. Президент дауыс берушілердің тікелей және жасырын дауысымен, олардың абсолютті басым дауысымен төрт жылдық бір мерзімге сайланады.

Президент сайлауы уақытын белгілеу және оған әзірлік жұмыстарын жүргізу ішкі істер министрлігінің мойнында, ал үміткердің президент кандидаттығына лайықтылығын растау және сайлауды әділ әрі дұрыс өткізу Бақылау кеңесі құзыретіне жатады.

Ішкі істер министрлігі президент қызметіне үміткерлерді тіркеу туралы

ресми мәлімдеме жариялаған соң үміткерлік шарттарына лайық барлық адамдар белгіленген мерзімде есімін тіркей алады. Бұл шарттарға саяси-діни қайраткер болуы, тегінің ирандық және Иран азаматы болуы, басқарушылық және ұйымдастырушылық қабілеті, лайықты биографиясы мен имандылығы, діншілдігі, Ислам Республикасының негіздеріне, яғни Негізгі заң мен вали-е факихге сенімі және мемлекеттің ресми дінін, яғни шиит ағымының жафарие тармағын ұстануы жатады.

Үміткерлерді тіркеудің заңды мерзімі аяқталған соң тіркелгендердің құжаты олардың лайықтылығын тексеру және растау үшін Бақылау кеңесіне тапсырылады. Бақылау кеңесі жұмысы аяқталған соң, сайлау науқанына кірісу үшін шарт талаптарына жауап беретін үміткерлердің есімі жарияланады. Дауыс беру жұма күні Иранның түкпір-түкпірінде бір күнде өтеді. Елдің түкпір-түкпіріндегі сайлау сандықтарындағы дауыс саналған соң жетерлі дауыс алған адам, яғни басым дауыс алған адам сайланған президент ретінде таныстырылып, рухани басшы оны жарлығымен бекітеді.

Иран Ислам Республикасының президент сайлау барысында бірнеше заңды шаралар орын алуы тиіс. Негізгі заңның 117-бабына сәйкес, егер дауыс берудің бірінші кезеңінде үміткерлердің бірде-бірі басым дауысты, яғни берілген дауыстың жартысынан көбін иеленбесе, аптаның келесі жұмасында екінше рет сайлау өткізіледі. Осы сайлауға бірінші кезеңде өзге үміткерлерге қарағанда көбірек дауыс алған екі үміткер қатысады. Осы екі үміткердің қайсысы көбірек дауыс жинаса, жеңді деп танылады. Екіншіден,

дауыс беруге 10 күн қалғанда сайлауға қатысуға құқылы үміткерлердің бірі қайтыс болса, сайлау екі аптаға кейін шегеріледі. Егер бірінші кезең мен екінші кезең аралығында бірінші кезеңде көбірек дауыс алған үміткерлердің бірі қайтыс болса, сайлау екі аптаға кейін шегеріледі. Үшіншіден, президент сайлауы бұрынғы президент қызметінің аяқталуынан кемінде бір ай бұрын өткізілуі керек. Жаңа президенттің сайлануы мен бұрынғы президент қызметінің аяқталуы аралығында бұрынғы президент өз қызметін жалғастырады. Төртіншіден, жаңадан сайланған президент рухани басшының үкімін алған соң сот төрағасы мен Бақылау кеңесі мүшелері қатысатын Ислам кеңесі мәжілісі отырысында Құран Кәрімді ұстап, Негізгі заңда жазылған ант мәтінін оқып, ант беріп, ант мәтініне қол қояды.

Иран Ислам Республикасының Негізгі заңы бекітіліп, оның қағидаларын басшылыққа алу басталған кезеңнен бері, яғни 1979 жылдан бүгінге дейін Иран ұлты келесі саяси-діни қайраткерлерді президент ретінде сайлады:

1. Абулхасан Банисадр – 1980 жылы қаңтар-ақпан айында өткен алғашқы президент сайлауында жеңіске жетіп, Иран Ислам Республикасының негізін қалаушы имам Хомейнидің үкімімен президент қызметіне кірісті. Ол бір жылдан аса президент қызметін атқарды. Дегенмен елді басқару ісінде жол берген қателіктеріне байланысты Ислам кеңес мәжілісі президентке саяси сенімсіздік білдіріп, рухани басшының үкімімен осы қызметтен босатылды.

2. Мохаммад Али Раджаи – президенттік қызметіне кіріскеннен кейін біраз уақыттан соң дұшпандар қолынан шахид болды.

3. Аятолла Сейд Али Хаменеи (Иран Ислам Республикасының қазіргі рахбары) – екі мерзім қатар президент болып сайланды, екінші мерзімі аяқталған соң Имам Хомейнидің дүниеден өтуіне байланысты Хубрегон мәжілісі (рухани басшыны тағайындау осы мәжілістің құзыретіне кіреді) оны рахбар етіп тағайындады.

4. Акбар Хашеми Рафсанджани екі мерзім қатар президент болып сайланды.

5. Сейд Мохаммад Хатеми екі мерзім қатар президент болып сайланды.

6. Махмуд Ахмадинежад бірінші мерзімде президент болып сайланды. Екінші мерзім үшін де сайлауға түсіп отыр.

Енді президенттің құқықтары мен міндеттеріне тоқталайық.

Иран Ислам Республикасының Негізгі заңында президентке көптеген құқықтар мен міндеттер жүктелген, қазіргі уақытта президент келесі жауапкершіліктерге ие:

1. Негізгі заңның қағидаларын орындау, үкімет жұмысына жетекшілік ету. Елбасы ең алдымен президент әкімшілігі мен министрлер кабинетіндегі әріптестерін тағайындап, бекітеді.

Заң президент орынбасарларының санын шектемейді, бұл сан президенттің ел ісін басқарудағы шешіміне байланысты. 1990 жылы Негізгі заңға түзетулер енгізіліп, премьер-министр лауазымы жойылып, оның құқықтары мен міндеттері президентке жүктелген соң президенттің бірінші орынбасары іс жүзінде премьер-министр жұмысының бір бөлігін орындайды.

2. Президенттің маңызды жұмыстарының бірі министрлер кабинетін жасақтау, министрлерді тағайындау, қызметінен босату немесе отставкасын қабылдау. Әр министр Мәжілістен сенім дауысын алуы тиіс, бұл тұрғыдан президенттің құқығы шектеулі. Сондай-ақ әділет министріні сот төрағасы ұсынған адамдардың ішінен ғана тағайындай алады. Дегенмен, министрлерді жұмыстан босату немесе отставкасын қабылдамау президенттің ерекше құқығына жатады әрі өзге тұлғаның келісін қажет етпейді.

3. Ерекше құқығы бар өкілдер тағайындау.

4. Иранның шет мемлекеттердегі елшілерін тағайындау. Осы елшілерді сыртқы істер министрі ұсынып, президент бекітеді және олардың сенімхатына қол қояды.

5. Ирандағы шет мемлекеттер елшілері сенімхатын қабылдау.

6. Мемлекеттік наградаларды тапсыру.

7. Министрлер кабинеті отырыстарына төрағалық ету.

8. Заң шығарушы бекіткен заңдарға қол қою.

9. Мемлекет басшыларын қарсы алу және шығарып салу секілді ресми шаралардың бір бөлігіне қатысу.

10. Ислам кеңесі мәжілісінің ашық отырыстарына қатысу, үкімет комиссиялары шешімдерін бекіту, соғыс жағдайында Ислам кеңесі мәжілісі сайлауын өткізу мерзімін кейінге қалдыру ұсынысын жасау.

Иран Ислам Республикасының Негізгі заңына және мемлекеттің негізгі заңдарына сүйене отырып президент жауапкершіліктерін үш топқа бөліп қарастыруға болады: саяси, қылмыстық, құқықтық-азаматтық.

1. *Саяси жауапкершілігі:* Негізгі заңның 122-бабына сәйкес президент Негізгі заң мен өзге заңдар белгілеген құқықтары мен міндеттері шегінде халық, мемлекет басшысы және Ислам кеңесі мәжілісі алдында жауапты. Жауапкершіліктің осы түрі саяси жауапкершіліктің бір көрінісі әрі осы жауапкершілікке селқос қарауы президенттің бекітілген ережелерге сәйкес қызметтен шеттетілуіне себеб болуы мүмкін.

Бұдан өзге, осы заңның 134-бабына сәйкес президент Мәжіліс алдында министрлер кабинетінің жұмысына жауапты. Сол себепті Мәжіліс президентті сауал астына алуға құқылы. Осы іс Мәжілістің президентке импичмент жариялауына немесе министрлер кабинетіне сенімсіздік білдіруіне, нәтижеде президенттің қызметтен кетуіне немесе кабинеттің тарауына алып келуі мүмкін.

2. *Қылмыстық жауапкершілігі:* Негізгі заңның 140-бабы қылмыстық жауапкершілік сипатына ие президенттің өзге бір жауапкершілігіне тоқталады. Егер президент және оның орынбасарлары құқықбұзушылыққа немесе қылмысқа жол берсе олардың ісі Ислам кеңесі мәжілісіне хабарланады әрі әділсот жүйесінің жалпы соттарында қаралады. Бұл жайлы Ислам кеңесі мәжілісіне хабарлаудың себебі төмендегідей: сот билігінің түрлі не

жалған желеулермен президент немесе оның орынбасарларының және министрлер кабинетінің мүшелері жұмысына кедергі жасауына, билік ортасында саяси күрес пен билікке таластың туындауына, олардың арасындағы үйлесімнің бұзылуына және үкімет пен президенттің өз міндетін атқаруда тығырыққа тірелуіне жол бермеу.

3. *Азаматтық жауапкершілігі:* Негізгі заңда жауапкершіліктің осы түріне арнайы сілтеме жасалмаған, бірақ, заң алдында азаматтардың теңдігі қағидасына сәйкес егер президент әдейі немесе қателесіп адамдарға немесе халықтың мүлкіне зиян келтірсе, шығындардың орнын толтыруға жауапты.

Президент кез келген себебпен отставкаға кетуі мүмкін. Мұндай жағдайда оз отставкасын рухани басшыға тапсыруы тиіс. Отставкасы қабылданғанша өзінің заңды міндеттерін атқарады, отставка жауапкершіліктен бас тарту емес, бәлкім отставка ресми түрде қабылдануы керек. Ал, президентті биліктен шеттету саяси және соттық кезеңдерге ие екенін айта кетуге тиіспіз. Саяси кезең Ислам кеңес мәжілісінің сенімсіздік дауысын беруімен, ал соттық кезең жазалауға үкім шығарумен орын алады. Екі жағдайда да рухани басшы қызметтен шеттету үкімін мемлекет мүддесі негізінде шығаруы тиіс.

Негізгі заңның 131-бабына сәйкес президент өлсе, отставкаға кетсе не екі айдан аса уақыт жұмысқа шықпаса немесе ауырса не президенттік мерзімі аяқталса және жаңа президент кедергілерге байланысты әлі сайланбаса немесе осындай өзге бір жағдайлар орын алса президенттің бірінше орынбасары рахбардың келісімімен оның құқықтар мен міндеттерін өз мойнына алады. Осы кезде Мәжіліс төрағасы, сот төрағасы және президенттің бірінше орынбасарынан тұратын кеңес ең ұзағымен 50 күн ішінде жаңа президенттің сайлануына жағдай жасауға міндетті.

Негізгі заңның 142-бабына сәйкес мемлекет басшысы, президент, президент орынбасарларының, министрлердің, сондай-ақ олардың әйелдері мен балаларының мүлкін сот билігі төрағасы

аталған адамдардың қызметке кірісуінен бұрын және кейін олардың мүлкінің заңсыз көбеюінің алдын алу үшін тексереді.

Айта кетуіміз керек, 1997 және 2001 жылдары екі мерзім қатарынан президент болып сайланған Хатами елеулі өзгерістер жасай алмады, себебі биліктің дәстүрлі институттарының қарсылығын жеңе алмады. Иранның билік институтының өзіндік ерекшелігі бар екенін, оның бір ұшы мемлекеттің рухани басшысында жатқанын айта кетуге тиіспіз. Иран Ислам Республикасының негізін қалаған аятолла Хомейни енгізген «вали-е факих» қағидасына сәйкес рухани басшы дара басшылық құқығына және ислам нормаларына сәйкес мемлекеттің дамуы бағыттарын анықтау міндетіне ие.

Иранда президенттік сайлау нәтижесінің қалай болатынын дәл айту қиын. Осыдан 4 жыл бұрын, 2005 жылы 24 маусымда Тегеран әкімі, консерватор Махмуд Ахмадинежадтың екінші кезеңде Иранның екі мерзім қатарынан президенті болған, білікті саясаткер, кәсіпкер, ирандық ұлттық буржуазиясының жетекшісі, реформа жүргізуді қолдаушы 71 жасар Хашеми Рафсанджаниден оқ бойы озып шығуы, 22 миллион ирандықтың дауысын иеленуі елеулі оқиға болды.

Осы жерде Иранда президент сайлауының дау-шарсыз өтпейтінін де

айта кетуге тиіспіз. Әдетте, негізгі бәсеке консерваторлар мен реформаторлар арасында өрбиді. Ал, реформаторлар тарапынан тіркелген азаматтардың президент үміткерлігіне лайықтылығы Бақылау кеңесі тарапынан қолдау таппау фактілері жиі кездесетіні белгілі. Өйткені, Бақылау кеңесі консерваторлардың қолында. Жоғарыда атап өткеніміздей, президенттік сайлауға үміткер ретінде тек Бақылау кеңесі бекіткен азаматтар ғана түсе алады.

Ирандағы президент сайлауына қатысты сөз қозғағанда ел келешегі мен тағдыры үшін аса маңызды осынау шараға халықтың белсенді түрде қатысатынын айтуымыз керек. Қазіргі сайлау заңына сәйкес, 18жасқа толған әр Иран азаматы сайлауға қатысып, дауыс беру құқығына ие.

1. Весна свободы. Москва, 1994.

قانون اساسی جمهوری اسلامی ایران. تهران،

1366

دکتر عباس منوچهری. نظام سیاسی ایران. تهران،

1381

Бұл мақалада Иранда президент сайлауының ұйымдастырылуы тәртібі баяндалған. Иранның билік институтының өзіндік ерекшеліктері және Иран президентінің міндеттері мен құқықтары қарастырылған.